

«БЕКІТІЛДІ»

Батыс Қазақстан облысының  
дене шынықтыру және спорт  
басқармасының басшысы

Б.М.Сәбитов

« » 20 жыл

«БЕКІТІЛДІ»

Батыс Қазақстан облысының  
білім басқармасының басшысы

Е.Н.Сафуллин

20 жыл

«КЕЛІСІЛДІ»

Батыс Қазақстан облысының  
спорттық бағдарлау федерациясының  
президенті

Н. Қасимов

« » 20 жыл

**2026 жылға арналған спорттықбағдарлау бойынша  
Батыс Қазақстан облысының жарыстарын өткізу ережесі**

**1. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ АТАУЫ, СПОРТТЫҚ  
ЖАРЫСТАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ОРНЫ МЕН КҮНІ, СПОРТТЫҚ  
ЖАРЫСТАРҒА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ КЕЛУІ ЖӘНЕ ҚАЙТУ  
КҮНДЕРІ**

1. Шаңғымен спорттық бағдарлаудан Батыс Қазақстан облысының чемпионаты. 2026 жылдың 19-22 ақпан күндері БҚО Бәйтерек ауданы Мичурин ауылы.

**ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:**

MW18 (2009 -2008 ж – ұл, қыз)

MW20 (2007 -2006 ж – ұл, қыз)

MW21E (2005 -1992 ж – ер, әйел)

MW35 (1991 - 1982ж жоғары ер, әйел)

MW45 (1981ж жоғары ер, әйел)

**ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ:**

**1 күн**

14.00 - дейін командалардың келуі, тіркелуі, орналасу;

16.00– «Спринт» қашықтығы;

**2 күн**

10.00 – 10.30 – Шаңғымен спорттық бағдарлаудан БҚО чемпионатының ашылу салтанаты;

11.00–14.00 – «Ұзақ» қашықтығы;

17.00–18.00 – команда өкілдерінің отырысы;

**3 күн**

10.00 –13.00 – «Орта» қашықтығы;

14.00 –14.30 – Шаңғымен спорттық бағдарлаудан БҚО чемпионатының жабылу салтанаты;

**4 күн**

10.00 – қатысушылардың аттануы.

2. Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында Батыс Қазақстан облысының чемпионаты (БҚО кубогінің I кезеңі). 2026 жылдың 24-26 сәуір күндері Орал қаласы «Евразия» ТСК (Лагерная 6).

#### **ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР**

MW18 (2009 -2008 ж – ұл, қыз)

MW20 (2007 -2006 ж – ұл, қыз)

MW21E (2005 -1992 ж – ер, әйел)

MW35 (1991 - 1982ж жоғары ер, әйел)

MW45 (1981ж жоғары ер, әйел)

Спортшылардың, жаттықтырушылардың және басқа қатысушылардың саны шектелмейді.

#### **ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

**1 күн**

13.00–дейін командалардың келуі;

16.00–18.30 – «Орта» қашықтығы;

19.00 – 19.30 – жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында БҚО Чемпионатының ашылу салтанаты;

20.00–21.00 – команда өкілдерінің отырысы;

**2 күн**

10.00 –13.30 – «Ұзақ» қашықтығы;

20.30 – 21.00 – төрешілер алқасының отырысы.

22.00 –23.30 – «Түнгі спринт» қашықтығы;

**3 күн**

10.00 –13.00 – «Спринт» қашықтығы;

13.00 – 14.00 – түскі ас;

15.00 –15.30 – жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында БҚО Чемпионатының жабылу салтанаты;

16.00 Қатысушылардың аттануы.

3. Спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының кубогі (Жастар мен ересектер арасындағы БҚО кубогінің II кезеңі). 2026 жылдың 22-26 маусым күндері Орал қаласы «Евразия» ТСК (Лагерная 6).

#### **ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР**

MW10(2016 -2015 ж – ұл, қыз)

MW12 (2014 -2013 ж – ұл, қыз)

MW14 (2012-2011 ж - ұл, қыз)

MW16 (2010-2009 ж - ұл, қыз)

MW18 (2008 -2009 ж – ұл, қыз)

MW20 (2007 -2006 ж – ұл, қыз)

MW21E (2005 -1992 ж – ер, әйел)  
MW35 (1991 - 1982ж жоғары ер, әйел)  
MW45 (1981ж жоғары ер, әйел)

Спортшылардың, жаттықтырушылардың және басқа қатысушылардың саны шектелмейді.

### **ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

#### **1 күн**

13.00–дейін командалардың келуі, орналасуы;  
18.00 – 18.30 – спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының кубогі – 2026 ашылу салтанаты;  
20.00–21.00 – команда өкілдерінің отырысы;

#### **2 күн**

11.00 –13.30 – «Орта» қашықтығы;  
20.30 – 21.00 – төрешілер алқасының отырысы.

#### **3 күн**

10.00 –13.00 – «Ұзақ» қашықтығы;  
13.00 – 14.00 – түскі ас;

#### **4 күн**

11.00 –13.30 – «Спринт» қашықтығы;  
16.00 – 16.30 – спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының кубогі – 2026 жабылу салтанаты;  
17.00 – Қатысушылардың аттануы.

4. Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жасөспірімдер арасында Батыс Қазақстан облысының чемпионаты. 2026 жылдың 7-11 шілде күндері Ақжайық ауданы, Чапаев ауылы.

### **ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:**

MW8(2019 -2018 ж – ұл, қыз)  
MW10(2017 -2016 ж – ұл, қыз)  
MW12 (2015 -2014 ж – ұл, қыз)  
MW14 (2012-2013 ж - ұл, қыз)  
MW16 (2010-2011 ж - ұл, қыз)

Спортшылардың, жаттықтырушылардың және басқа қатысушылардың саны шектелмейді.

### **ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ**

#### **1 күн**

14.00–дейін командалардың келуі, орналасуы, далалық жағдайда;  
18.00 – «Орта» қашықтығы;  
20.00–21.00 – команда өкілдерінің отырысы;

#### **2 күн**

11.00 –13.30 – «Ұзақ» қашықтығы;  
18.00-19.30 – Лабиринт қашықтығы  
20.30 – 21.00 – төрешілер алқасының отырысы.

#### **3 күн**

10.00 –13.00 – «Орта» қашықтығы;

20.30 – 21.00 – төрешілер алқасының отырысы.

22.30 – 23.30 – «Түнгі» бағдарлау қашықтығы.

#### **4 күн**

10.00 – 11.30 – «Спринт» қашықтығы;

12.0 – жабылу салтанаты;

13.0 – командалардың аттануы.

5. Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасындағы Батыс Қазақстан облысының кубогі (БҚО кубогінің III кезеңі, финал). 2026 жылдың 23-25 қазан күндері БҚО, Орал қаласы «Евразия» ТСК (Лагерная 6).

#### **ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАР:**

MW18 (2009 -2008 ж – ұл, қыз)

MW20 (2007 -2006 ж – ұл, қыз)

MW21E (2005 -1992 ж – ер, әйел)

MW35 (1991 - 1982ж жоғары ер, әйел)

MW45 (1981ж жоғары ер, әйел)

Спортшылардың, жаттықтырушылардың және басқа қатысушылардың саны шектелмейді.

#### **ЖАРЫС БАҒДАРЛАМАСЫ:**

##### **1 күн**

13.00–дейін командалардың келуі;

15.00–18.30 – «Спринт» қашықтығы;

19.00 – 19.30 – жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасындағы Батыс Қазақстан облысының кубогі – 2026 ашылу салтанаты;

##### **2 күн**

10.00 – 13.30 – «Ұзақ» қашықтығы;

20.30 – 21.00 – төрешілер алқасының отырысы.

##### **3 күн**

10.00 – 13.30 – «Орта» қашықтығы;

15.00 – 15.30 – жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасындағы Батыс Қазақстан облысының кубогі – 2026 жабылу салтанаты;

16.00 – командалардың аттануы.

## **2. ҚАТЫСУШЫ ҰЙЫМДАР, СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ САНДЫҚ ҚҰРАМЫ**

Жарысқа Орал қаласының және аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімдерінің бекіткен аудандардың (қаланың) құрама командалары, БЖСМ, ЖСШМ және жеке спорт клубтары, күштік құрылым өкілдерінен және жекелеген спортшылар қатысады. Қалалық және аудандық білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен спортшылары қатыса алады.

Спортшылардың, жаттықтырушылардың және басқа қатысушылардың саны шектелмейді.

### 3. СПОРТШЫЛАРДЫҢ ЖЫНЫСЫ МЕН ТУҒАН ЖЫЛЫ

№	Жас ерекшеліктері мен жынысы	Топтар
1	Балалар - 7-13 жас ұлдар	M-8, M-10, M-12
2	Балалар - 7-13 жас қыздар	W-8, W-10, W-12
3	Жасөспірімдер – 14-17 жас ұлдар	M-14, M-16
4	Жасөспірімдер – 14-17 жас қыздар	W-14, W-16
5	Юниорлар – 18-20 жас ұлдар	M-18, M-20
6	Юниорлар – 18-20 жас қыздар	W-18, W-20
7	Жастар мен Ересектер – 21 және одан жоғары ерлер	M-21, M-35, M-45
8	Жастар мен Ересектер – 21 және одан жоғары әйелдер	W-21, W-35, W-45

Жекелей сындағы спортшылар нәтижесі әрбір жарыс түрі бойынша қашықтықты минималды уақытта қатесіз өтуі бойынша анықталады. Командалар арасында жалпы қорытынды есепке барлық қашықтықтың үздік нәтиже көрсеткен қатысушыларының нәтижелері (әр жас ерекшелігінен 1 ер (ұл), 1 әйел (қыз)) енгізіледі.

Ұпайлар мына формула бойынша жүргізіледі:  $100 * T$  жең./  $t$  қат командаларға эстафета үшін ұпайлар мына формула бойынша беріледі:  $200 * T$  жең. /  $t$  қат. Эстафетада барлық кезеңдер толық аяқталмаған командаларға ұпайлар берілмейді және орын берілмейді.

### 3. МЕДИЦИНАЛЫҚ-САНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Медициналық персоналды Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жайық Арена» спорт клубының тарапынан қамтамасыз етіледі.

Жарысқа қатысушылар Дүниежүзілік допингке қарсы қауымдастықтың (әрі қарай- ВАДА-ның) нормаларына сәйкес допингке қарсы кодекс қағидаларын сақтауы тиіс.

ВАДА-ның допингке қарсы кодексінің қағидалары бұзылса, ВАДА-ның допингке қарсы күрес кодексіне сәйкес (спортшы толық шеттетуге дейін) санкциялар қолданылады. Аталған кодекске сәйкес, тіпті толық шеттетуге дейін шаралар қолданылатын болады.

#### **4. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСҚА ҚАТЫСУ ҮШІН ӨТІНІМДЕР БЕРУДІҢ ТӘРТІБІ МЕН МЕРЗІМІ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫ**

Спорттық бағдарлау бойынша ережеге сәйкес нысан бойынша өтінім: жеке басын куәландыратын құжаттарға сәйкес қысқартусыз қатысушының тегі, аты; туған күні, спортшының сынақ кітапшасында мөрі бар тиісті жазбамен расталған қолданыстағы спорттық разряд; мәлімделетін топ; дәрігердің рұқсаты, бар болса SI - cards нөмірі (чип). Ресми өтінімге Орал қаласының және аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімдерінің басшылары қол қояды. Өтінімде команданы ұсыну және жарыс кезеңінде команда бойынша мәселелерді шешу үшін аккредиттелген команданың ресми өкілі көрсетіледі. Сақтандыру полисі (жеке / топтық, бекітілген тізіммен) болуы керек. Кәметке толмаған қатысушылары MWE тобына (ересектер) жіберілмейді. Жаттықтырушылар мен өкілдердің қолхаттары дәрігердің рұқсатының орнына қабылданбайды. Команданың (өңірдің) өкілі іссапарға жіберуші ұйымның бұйрығымен тағайындалады. Спортшылар тек өзінің тұрғылықты жерінің командасы құрамында қатысады. Команда жарысқа келмеген жағдайда спортшы өзі жекелей сынға ғана қатысуына құқығы бар. Жарыс Қазақстан Республикасында спорттық бағдарлаудан жарыстар өткізу және IOF ережесіне сай өтеді. Жарыстарды өткізу, дайындық жұмыстары, қатысушыларды тіркеу [ogeo.ru](http://ogeo.ru) ресми сайтында орналастырылады.

Жарыс дипломдары, медальдары, көлік шығындары, төрешілердің, дәрігерлердің еңбекақысы, іссапары Батыс Қазақстан облысы дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жайық Арена» спорт клубының есебінен. Спортшылар әр жарыс қашықтығына старттық жарна төлеуге міндетті. Старттық жарна мөлшерін Батыс Қазақстан облысы спорттық бағдарлау федерациясы бекітеді. Старттық жарна төлемеген спортшылар жарыстарға қатыса алмайды. Басқа да барлық шығындар: Картографиялық материалдарды дайындау, басып шығару, шаңғы жолын дайындау («Буран» снегоходын жалға алу), электронды есептеуіш құралдарын жалға алу, олармен жұмыс жасау, канцелияр тауарлары, төрешілерді және құралдарды жарыс орнына тасымалдау қатысушы командалардың Батыс Қазақстан облысы спорттық бағдарлау федерациясының есебіне төленетін жарнадан.

Жарысқа қатысушылардың іссапар шығындары жіберуші мекеме есебінен.

#### **5. СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАРДЫҢ ЧЕМПИОНДАРЫ МЕН ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІН МАРАПАТТАУ ТӘРТІБІ**

Жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлері медальдармен, тиісті дипломдармен, кубоктармен марапатталады.

№	Жарыс атауы	Диплом	Медаль	Кубок	Барлығы
1	Шаңғымен спорттық	1 орын - 31	1 орын - 30	1 орын - 1	диплом – 93 дана;

	бағдарлаудан Батыс Қазақстан облысының чемпионаты	2 орын - 31	2 орын - 30	2 орын - 1	медаль – 90 дана; командалық кубок – 3 дана.
		3 орын - 31	3 орын - 30	3 орын - 1	
2	Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасында Батыс Қазақстан облысының чемпионаты ( БҚО кубогінің I кезеңі )	1 орын - 31	1 орын - 30	1 орын - 1	диплом – 93 дана; медаль – 90 дана; командалық кубок – 3 дана.
		2 орын - 31	2 орын - 30	2 орын - 1	
		3 орын - 31	3 орын - 30	3 орын - 1	
3	Спорттық бағдарлаудан Қазақстан Республикасының кубогі (Жастар мен ересектер арасындағы БҚО кубогінің II кезеңі)	1 орын - 31	1 орын - 30	1 орын - 1	диплом – 93 дана; медаль – 90 дана; командалық кубок – 3 дана.
		2 орын - 31	2 орын - 30	2 орын - 1	
		3 орын - 31	3 орын - 30	3 орын - 1	
4	Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жасөспірімдер арасында Батыс Қазақстан облысының чемпионаты	1 орын - 41	1 орын - 40	1 орын - 1	диплом – 123 дана; медаль – 120 дана; командалық кубок – 3 дана.
		2 орын - 41	2 орын - 40	2 орын - 1	
		3 орын - 41	3 орын - 40	3 орын - 1	
5	Жүгіру арқылы спорттық бағдарлаудан жастар мен ересектер арасындағы Батыс Қазақстан облысының кубогі (БҚО кубогінің III кезеңі, финал)	1 орын - 31	1 орын - 30	1 орын - 8	диплом – 93 дана; медаль – 90 дана; командалық кубок – 3 дана.
		2 орын - 31	2 орын - 30	2 орын - 8	
		3 орын - 31	3 орын - 30	3 орын - 8	

## **6. НАРАЗЫЛЫҚ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАРАУ**

Спорттық бағдарлау бойынша ереже тармақтарының талаптарын орындаудың қателігі анықталған кезде, жарыс қорытындылары бойынша алған нәтижелермен келіспеген жағдайда команда өкілінің наразылық білдіруге құқығы бар. Осы наразылық бойынша шешіммен келіспеген жағдайда қазылар алқасына апелляция берілуі мүмкін. Бұдан әрі спорттық бағдарлау бойынша ережеге сәйкес.